



# ӘЛЕКЕҢНІҢ анкетасы

Мағауия СЕМБАЙ,  
«Орталық Қазақстан»


Таң атты, күн батты. Өткінші жауындай өтіп бара жатқан өмір-ай! Осыдан сексен жылдай бұрын Мәскеудегі НКВД-ның Бутырка түрмесінде Алашы үшін азап шеккен Әлихан атамыз тұтқын анкетасын өз қолымен толтырыпты. Мамандығын журналист, аудармашы деп көрсеткен. Туған жері – Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысындағы 7-ауыл. Әлеуметтік тегін қазақтың ұлымын, өкем 1900 жылы, анам 1918 жылы қайтыс болған депті. Революциядан кейін қазақтың Алашорда Үкіметінің төрағасымын деп тайға таңба басқандай жазып кетіпті.

Тізесін бүкпеген, ешкімнен айылын жимаған, ешкімнен қаймықпаған. Қазақтың талай арысы жапон шпионы деген жаланы азапқа шыдамай мойындағанда, жалғыз Әлекең ғана сынбапты. Рухы тасты да шабатын алдаспандай болғаны ғой. Шыңғысханнан, Жошыдан тамыр тартатын асыл қаны бүлкілдеп соғып тұрғаны ғой.

Мен білетін саясаткерлерден СССР деген алып державаның іргетасын қалап кеткен Ленин мамандығын анкетасында «журналист» деп жазған. Сталин «марксист» деп жазыпты. Бұл екеуі де негізгі мамандықтары басқа бола тұра, журналист болған. Ленин «Искра» газетін шығарып, өзі редактор болса, Сталин бүкіл мақалалары мен сөйлейтін сөздерін өз қолымен жазған. Осы екі тұлғаны да Әлихан атамыз көзіне ілмеген. Өзінен төмен санаған. Әлихантанушы Сұлтанхан Аққұлының айтуына қарағанда Ленинді де, Сталинді де марксизмге үйреткен біздің Әлекең болыпты. Дәлел бар. Әлекеңді әуелі Бутыркаға қамап тастағанда ескі марксист, Сталинге сөзі өтетін қарт бөлшебек, Маркстің өзін көрген В.Шелгунов: «Әй, Коба, кімді тұтқында ұстап отырсың?» – деп босаттырыпты. Әлихан атамыздың ұйқамақта болуы содан. Бірақ, ақырында НКВД Нығмет Нұрмақов екеуін қосақтап, бір күнде атып тастаған.

Әлихан Бөкейхановтың Ленинді де, Сталинді де бойына теңгермегеніне тағы бір дәлел бар. Ленин Алашорданы ақтап, көшірім жасағаннан кейін Қазақ елінің атынан Ресеймен келіссөз столына Алашорда Үкіметі отырады. Әлекеңнің өзі баратын жөні бар ғой. Бармайды. Алаш арыстарының ішіндегі ең жасы – Әлімхан Ермековті жібереді. Ленинмен төрт сағат ырғасқан Ә.Ермеков Қазақстанның осы бүгінгі шекарасын алып, басқа да көп шаруаны тындырып шығады. Сонда Ахмет Байтұрсынов айтты деген сөз бар. «Сақау Лениннің біздің Әлімханмен төрт сағатқа сөйлесуге жарады. Осал емес екен» деген екен.

Біз университетте оқығанда марксизм-ленинизм классиктерінің талай еңбектерін мүждік. Сонда Ленин алты тіл біледі деп оқытқан ұстаздарымыз



– ғылым докторлары. Біздің Әлихан Бөкейханов атамыз тоғыз тілде еркін сөйлеп, көсіліп жазған. Францияның күні бүгінге дейін шығып келе жатқан «Фигаро» газетіне француз тілінде 1930 жылы екі мақаласы жарияланған көрінеді. Шіркін, тауып екелсе ғой. Сонда кім мықты? Әлекең бе, Ленин бе? Әрине, Әлекеңнің өресі өрде, Лениніңіз етекте тұр емес пе?!

Амал нешік, бәрі НКВД-ның қызыл қасабында құрбан болды. Не дейміз? Өткенге – салауат, бүгінге – барақат дейміз. Бүгінгі ұрпақ осы Алаш арыстарындай болса екен деп армандаймыз. Ұлы Абай «Болмасаң да ұқсап бақ» деген сөзді бекер айтпайды ғой.

## АНКЕТА АРЕСТОВАННОГО

1. Фамилия Бөкейханов

2. Имя и отчество Әлихан Нұрмұхаммедұлы

3. Дата рождения: число 5 - месяц Март год 1900

4. Место рождения 17 ауыл Тоқырауинский волосты Каркаралинский уезд Семипалат. обл.

5. Место жительства (адрес) Москва 9 **журналист, переводчик**  
Б/Князевский пер. д. 4, кв. 15

6. Профессия и специальность журналист, переводчик

7. Место службы и должность или род занятий переводчик

(указать без сокращений, название предприятия или учреждения и характер производства)

8. Паспорт нашум 03.01.1930 **сын казаха**  
(пол и инициалы органа выдачи, номер и категория, где произдан)

9. Социальное происхождение сын казаха (старый мастер)  
(род занятий родителей и их классовое положение)  
1900, март 1900г.

10. Социальное положение переводчик-комсомолец  
(род занятий и классовое положение арестованного)

а) до революции статистик, журналист, студент  
школа Златина

б) после революции Председатель Казахского автономного правительства Алаш-орда. С 20-го года  
для него восстановлена казах кестімі. С 29 года научился

11. Образование полное высшее образование  
заочно отлученный от школы  
в школе с 1918 года

Председатель казахского  
автономного правительства «Алаш орда»